ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 18 қараша дело №7119-24-00-2/14091 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Baidaulet» атауымен әрекет етуші Амангелді Төкенұлы Байдәулет

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Baidaulet» атауымен әрекет етуші Амангелді Төкенұлы Байдәулетке қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Baidaulet» атауымен әрекет етуші Амангелді Төкенұлы Байдәулет мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Baidaulet» атауымен әрекет етуші Амангелді Төкенұлы Байдәулеттен талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№2 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 4 499 (төрт мың төрт жүз тоқсан тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Baidaulet» атауымен әрекет етуші Амангелді Төкенұлы Байдәулеттен мемлекет кірісіне 1 981 (бір мың тоғыз жүз сексен бір) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Көшірме дұрыс:
Судья **Э.Е. Хасанова**
Анықтама сот шешімі 26.12.2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья **Э.Е. Хасанова**

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 18.11.2024
7119-24-3-1/13438